

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жобалық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 539 Заңын іске асыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 5 наурыздағы № 47-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жобалық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 539 Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі — тізбе) бекітілсін.

2. Тізбеге сәйкес мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

5

н а у р ы з д а ғ ы

№

4 7 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жобалық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатына қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

№	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
	Жобалық қаржыландыру және секьюритизациялау кезінде			

1.	бөлінген активтердің құрамына кіретін ақшаны инвестициялауды жүзеге асыруға қойылатын талаптарды және бөлінген активтердің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы	Ұ Б (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
2.	Бухгалтерлік есепті жүзеге асыру және қаржылық есептілікті жасау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы	Ұ Б (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
3.	Мемлекеттің қатысуымен жобалық қаржыландыру кезінде базалық шарт бойынша уақытша атқарушыны таңдау қағидаларын және оның қызметін жүзеге асыру шарттарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭДСМ	2012 жылғы ақпан
4.	«Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭДСМ (жинақтау), Қаржымині, Еңбекмині, ДСМ, БҒМ, ҚТҮКШИА	2012 жылғы ақпан
5.	Концессиялық жобаларды әлеуметтік маңызы бар санатқа жатқызу өлшемдерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭДСМ (жинақтау), Қаржымині, Еңбекмині, ДСМ, БҒМ, ҚТҮКШИА	2012 жылғы ақпан

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
м и н и с т р л і г і

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

ҚТҮКШИА – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі